

СИЛЛАБУС
2023-2024 оқу жылының күзгі семестрі
«7M05112-Геоботаника» білім беру бағдарламасы

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (МӨЖ)		Кредиттер саны		Кредит-тердің жалпы саны		Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (МОӨЖ)
			Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
Фитоценология	5		1	2	0	5	6
ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ							
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы			
гибридті	Профилді цикл, вузды компонент	модульді	анализді	Жазбаша IS Univer платформасында			
Дәріскер	Мамурова Асем Глеужановна - биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Чилдибаева Асел Жумагуловна - PhD, доцент қызметін атқарушы						
e-mail:	a.zh.childebaeva@gmail.com						
Телефоны:	8-727-377-34-34 (12-21)						
ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ							
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*			ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)			
Өсімдіктер қауымының теориялық негіздері мен практикалық маңызы туралы түсінік беру. Осы пәнді оқытудың негізінде магистранттарда фитоценоздың қалыптасуы, құрамы, структурасы, экологиясы, өнімділігі, динамикасы, географиясы бойынша алған білімдерін ғылымда және практикада тиімді пайдалану қабілеттілігін қалыптастыру	1. Фитоценологияның ғылымдар жүйесіндегі орнын, өсімдіктер қауымы туралы ғылымның дамуына негізгі кезеңдерін, негізгі ғылыми мектептерді, бағыттарды, фитоценоздарды талдаудың жүйелік тәсілдерін игеру			1.1 Фитоценология ғылымы дамуының негізгі кезеңдері, фитоценоздардың қалыптасуына қатысты жүргізілетін іс-шаралардың әсеріне талдау жасайды			
				1.2 Өсімдіктер қауымы туралы ғылымның дамуының негізгі кезеңдерін, негізгі ғылыми мектептер, дәстүрлер және бағыттарын іс-шаралардың әсерін талдайды			
				1.3 Фитоценоздардың қалыптасуы және оның компоненттерінің қарым-қатынасы өсімдіктер жабынына және олардың флоралық құрамына әсеріне талдау жасайды			
	2. Фитоценоздардың қалыптасуын және оның компоненттерінің қарым-қатынасын, түрдің экологиялық және фитоценологиялық оптимумын білу.			2.1 Өсімдіктер жабынына және олардың флоралық құрамына әсерін талдайды			
				2.2 Қоршаған ортаның экологиясына, өсімдіктер жабынына және олардың флоралық құрамына әсеріне талдау жасайды			
	3. Фитоценоздардың құрамын, структурасын, экологиясын, өсімдіктер ординациясын, өнімділігін, динамикасын, сукцессиясын, геоботаникалық индикацияны ортаны өсімдіктер ассоциациясы индикаторлар арқылы бағалауды үйрену.			3.1 Түрдің экологиялық және фитоценотикалық оптимумына талдау жасайды.			
				3.2 Өсімдіктер жабынының өзгеріске ұшырау деңгейін, өсімдіктер жабыны және оларды қорғауға талдау жасайды.			
	4. Фитоценоздар классификациясын биэкологиялық, физиолого-динамикалық, флоралық, геоботаникалық, биология саласындағы қазіргі заманның проблемаларын			4.1 Фитоценоздар классификациясын биэкологиялық, физиолого-динамикалық, флоралық құрамына геоботаникалық талдау жасау			

	дәйектей білу, оларды шешетін жолдарын ұстану және әдістермен популяциялық зерттеулерде өсімдіктердің морфологиялық ерекшеліктерін зерттеу	4.2 Биология саласындағы қазіргі заманның проблемаларын дәйектей отырып оларды шешетін жолдарының әдістерімен популяциялық зерттеулерде өсімдіктердің морфологиялық ерекшеліктерін зерттеу тәсілдерін меңгереді
	5. Фитоценоздарды зерттеу тәсілдері және тіршілік орындары сипаттай отырып, өзін сын көзбен бақылау, инновациялық қызметіне қабілетті болу, геоботаника саласындағы жобалар бойынша пән аралық командада бірігіп жұмыс істей білу.	5.1 Фитоценоздарды зерттеу тәсілдері және тіршілік орындары сипаттай отырып, өзін сын көзбен бақылау әсеріне талдау жасайды. 5.2 Фитоценоз саласындағы жобалар бойынша пән аралық командада бірігіп жұмыс жасап, алынған нәтижелер бойынша талдау жасайды.
Пререквизиттер	Ботаника, Өсімдіктер мен жануарлар биоалуантүрлілігі, Өсімдіктер экологиясы, Геоботаника	
Постреквизиттер	Геоботаниканың өзекті мәселелері, қазіргі табиғатты пайдалану жағдайында өсімдіктер жағдайын бағалау.	
Оқу ресурстары	<p>Әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Изучение биологического разнообразия Казахстана на современном этапе / Материалы международной научной Конференции посв. Юбилейном датам выдающихся ученых – ботаников Казахстана. Алматы, 6-7 июня, 2013. 2. Олонова М.В., Чжанг Д., Бекет У. Вестник Томского гос.университета Биология 2013 № 1 (21) С.59-73. 3. Глазунов В.А. Охрана растительного мира XIII съезд русского ботан.общества (16-22 сентября, 2013 г., С.12-13). 4. Л.А.Димеева, Г.М.Кудабаева, П.В.Веселова Охрана растительного мира XIII съезд рус.ботан.общ. (16-22 сентября, 2013 г., С.17-18). 5. Мухитдинов Н.М. Геоботаника. Алматы., 2011. 384 б. 6. Камелин Р.Б. Актуальные проблемы геоботаники III Всероссийская школаконференция Научный центр РАН Петрозаводск., 2007., С.8-22. 7. Розенберг Г.С. Актуальные проблемы геоботаники III Всероссийская школа- конференция Научный центр РАН Петрозаводск., 2007., С.72-118. <p>Ғаламтор ресурстары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. http://biologylib.ru/catalog 2. http://www.Biodiversity.ru/programs.Steppe/bulletin/step. 3. http://elibrary.kaznu.kz/ru 4. 4. https://fb.ru/article/165711/ohrana-rasteniy-nekotoryie-aspekty-i-faktyi 5. https://articlekz.com/article/9289 	

Пәннің академиялық саясаты	<p>Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың <u>Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен</u> айқындалады.</p> <p>Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.</p> <p>Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.</p> <p>Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.</p> <p>Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының</p>
-----------------------------------	---

күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары». «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.

Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Өртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.

Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/e-mail bahty@kaznu.kz немесе MS Teams-тегі бейне байланыс арқылы <https://teams.microsoft.com/l/channel/19%3a6fdd43b2c69b47e9bab1bba4668d0582%40thread.tacv2/%25D0%259E%25D0%25B1%25D1%25D0%25B9?groupId=cd94c3ef-7914-49d7-84a8-7cbf0a14d218&tenant> кеңестік көмек ала алады.

БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі				Бағалау әдістері			
Баға	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға	<p>Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.</p> <p>Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.</p> <p>Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.</p>			
A	4,0	95-100	Өте жақсы				
A-	3,67	90-94					
B+	3,33	85-89	Жақсы				
B	3,0					80-84	
B-	2,67	75-79	Қанағаттанарлық ыз			Формативті және жиынтық бағалау	% мәндегі баллдар
C+	2,33	70-74				Дәрістердегі белсенділік	0
C	2,0	65-69				Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	10 x 7 = 70
C-	1,67					60-64	Өзіндік жұмысы
D+	1,33	55-59				ЖИЫНТЫҒЫ (АБ1, АБ2)	100
D	1,0	50-54		Қорытынды бақылау (емтихан)	40		
				Қорытынды бағасы = $\frac{АБ1+АБ2}{2} \times 0,6 + 0,4 \times \text{ЕМТ}$	100		
Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері							
Аптасы	Тақырып атауы			Сағат саны	Макс. балл		
МОДУЛЬ 1 Фитоценоздардың қалыптасуы және оның компоненттерінің қарым-қатынасы (1-5 апта)							
1	Д 1. Тақырыбы: Фитоценология ғылымы дамуының негізгі кезеңдері, фитоценоздардың қалыптасуы, құрылымы. Фитоценология пәнінің мақсаты және ғылымдар жүйесіндегі орны.			1			

	СС 1. Тақырыбы: Фитоценология ғылымының қалыптасуындағы алғашқы кезеңі. Батыс Европадағы фитоценологиялық мектептер.	2	10
2	Д 2. Тақырыбы: Фитоценология ғылымындағы негізгі ғылыми мектептер, дәстүрлер және бағыттар. Фитоценоз, биоценоз, биогеоценоз және экожүйе туралы түсініктер.	1	
	СС 2. Тақырыбы: Саз топырақты шөлдердің сирек кездесетін өсімдіктері және оларды қорғау.	2	10
	МОӨЖ 1. МӨЖ 1 орындау бойынша кеңес беру. Тақырыбы: Фитоценология ғылымы дамуының негізгі кезеңдері, фитоценоздардың қалыптасуы, құрылымы. Батыс Европадағы фитоценологиялық мектептер.		
3	Д 3. Тақырыбы: Фитоценоздардың қалыптасуы және оның компоненттерінің қарым-қатынасы.	1	
	СС 3. Тақырыбы: Фитоценоздағы өсімдіктердің бір-біріне әсер ету нәтижесіне негізделген классификациясы. Түрдің экологиялық және фитоценодикалық оптимумы.	2	10
	МӨЖ 1. Тақырыбы: Фитоценология ғылымы дамуының негізгі кезеңдері, фитоценоздардың қалыптасуы, құрылымы. Батыс Европадағы фитоценологиялық мектептер. Тапсыру формасы – жазбаша.		15
4	Д 4. Тақырыбы: Фитоценоздың құрамы. Фитоценоздың флоралық құрамы, флоралық байлығы. Флоралық толықтығы, фитоценоздың экологиялық құрамы.	1	
	СС 4. Тақырыбы: Өсімдіктердің экологиялық және биологиялық қасиеттерін зерттеу, өсімдіктер арасындағы қарым-қатынастарын зерттеу. Өсімдіктер қауымының флоралық құрамын анықтау.	2	10
5	Д 5. Тақырыбы: Фитоценоздың құрылымының мөлшері және маңызы туралы көзқарастар.	1	
	СС 5. Тақырыбы: Фитоценоздың морфологиялық (хорологиялық) және хронологиялық құрылымы (фитоценоздың өзгергіштігі).	2	10
МОДУЛЬ 2 Қазақстанның тау жүйелерінің флорасы мен өсімдіктер жабынының ерекшеліктері (6-10 апта)			
6	Д 6. Тақырыбы: Фитоценоздардың функционалдық құрылымы.	1	
	СС 6. Тақырыбы: Ценоз, синузия, консорция туралы әртүрлі көзқарастар. Фитоценоздың конституциялық құрылымы.	2	10
	МОӨЖ 2. МӨЖ 2 орындау бойынша кеңес беру. Тақырыбы: Фитоценоздың флоралық құрамы, флоралық байлығы. Флоралық толықтығы, фитоценоздың экологиялық құрамы.		
7	Д 7. Тақырыбы: Фитоценоздардың экологиясы	1	
	СС 7. Тақырыбы: Өсімдік қауымдарының таралуындағы басты факторлар.	2	10
	МӨЖ 2. Коллоквиум (бақылау жұмысы). Тақырыбы: Фитоценоздың флоралық құрамы, флоралық байлығы. Флоралық толықтығы, фитоценоздың экологиялық құрамы. Тапсыру формасы: Жазбаша және жеке орындау.		15
Аралық бақылау 1			100
МОДУЛЬ 2 Фитоценоздардың классификациясы және ординациясы			
8	Д 8. Тақырыбы: Фитоценоздардың өнімділігі	1	
	СС 8. Тақырыбы: Әртүрлі фитоценоздардағы фитомасса, өнімділік	2	10
	МОӨЖ 3. МӨЖ 3 орындау бойынша кеңес беру. Тақырыбы: Дала зонасының бүлінген жерлерін рекультивациялау (терикандар, күл үйінділері мен қалдық қоймалары) және оларды фитомелиорациялау		
9	Д 9. Тақырыбы: Фитоценоздардың динамикасы туралы жалпы түсінік.	1	
	СС 9. Тақырыбы: Фитоценоздағы қарапайым және күрделі алмасулардың компоненттері.	2	10
	МӨЖ 3. Тақырыбы: Дала зонасының бүлінген жерлерін рекультивациялау (терикандар, күл үйінділері мен қалдық қоймалары) және оларды фитомелиорациялау. Тапсыру формасы: Жазбаша және жеке орындау.		15
10	Д 10. Тақырыбы: Фитоценоздар географиясы туралы жалпы түсінік.	1	
	СС 10. Тақырыбы: Фитоценоздар флорасының географиялық элементтері. Фитоценоздардың комплекстілігі. Өсімдіктер жабындарының аймақтары.	2	10
	МОӨЖ 4. МӨЖ 4 орындау бойынша кеңес беру. Тақырыбы: Қазақстанның шөл және дала зонасының жайылымдық шабындықтарын тиімді пайдалану		
11	Д 11. Тақырыбы: Өсімдіктер ассоциациясы туралы түсінік	1	
	СС 11. Тақырыбы: Ассоциация, субассоциация, синтаксон, формация туралы түсініктер	2	10
12	Д 12. Тақырыбы: Өсімдіктер жабынын классификациялаудың негізгі тәсілдері.	1	

	СС 12. Тақырыбы: Фитоценоздардың жіктелімдері мен классификациясы. Өсімдіктер ординациясы.	2	10
	МӨЖ 4. Коллоквиум (бақылау жұмысы). Тақырыбы: Қазақстанның шөл және дала зонасының жайылымдық шабындықтарын тиімді пайдалану. Жазбаша және жеке орындау.		10
МОДУЛЬ 3 Шөлтаңу, далатану және ормантану			
13	Д 13. Тақырыбы: Шөл туралы жалпы түсінік. Шөлдер жіктелімі. Шөлдердің пайдаланылуы	1	
	СС 13. Тақырыбы: Орта Азиядағы және Қазақстандағы шөлдер	2	10
	МӨЖ 5. МӨЖ 5 орындау бойынша кеңес беру. Тақырыбы: Өсімдіктер ассоциациясы туралы түсінік.		
14	Д 14. Тақырыбы: Дала туралы жалпы түсінік, далаларды қорғау. Далалар типтері. Дала анықтамасы.	1	
	СС 14. Тақырыбы: Дала аймағы өсімдіктерінің экобиоморфаларына шолу	2	10
	МӨЖ 5. Тақырыбы: Өсімдіктер ассоциациясы туралы түсінік. Жазбаша және жеке орындау.		5
15	Д 15. Тақырыбы: Орман шаруашылығы. Орманның биосфералық және әлеуметтік рөлі.	1	
	СС 15. Тақырыбы: Еуропа, Азия, Солтүстік Америка, Ресей, Өзбекстан және Қазақстан ормандары мен негізгі орман түзуші породадар	2	10
	МӨЖ 6. Емтихан тапсыру ережелерімен таныстыру.		
Аралық бақылау 2			100
Қорытынды бақылау (емтихан)			100
Пән үшін жиынтығы			100

Декан: б.ғ.д., профессор _____

Заядан Б.К.

Кафедра меңгерушісі:
б.ғ.д., профессор

Курманбаева М.С.

Дәріскер

Мамурова А.Т.